

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 57 бұйрығы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Ішкі бақылау қызметтерінің қызметкерлеріне арналған үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5493 тіркелген, 2009 жылғы 10 ақпандағы № 20 (1443) Заң газетінде ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Ішкі бақылау қызметтерінің қызметкерлеріне арналған үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 648 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 2 маусымдағы № 266 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6316 тіркелген, 2010 жылғы № 16 Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп пен аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Сұлтанов